

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері	ЕР III-08-2026 Нұсқа 01 Күні 30.06.2026 10 беттің 1-беті
---	--	---

Бекітілді
Ғылыми Кеңестің шешімімен
30.06.2026 ж. №16 хаттама



Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері

ЕР III-08-2026

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері	ЕР III-08-2026 Нұсқа 01 Күні 30.06.2026 10 беттің 2-беті
---	--	---

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4 Жалпы қағидалар	4
5 Жазбаға жұмыстарды тексеру рәсімін жүргізу тәртібі мен сипаттамасы	6
6 Жауапкершілік және өкілеттіктер	8
7 Келісу және қолданысқа енгізу	8
8 Сақтау	8
9 Құжаттарға өзгерістер енгізу	8
А қосымшасы Келісу парағы	9
Б қосымшасы Танысу парағы	10

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері	ЕР III-08-2026 Нұсқа 01 Күні 30.06.2026 10 беттің 3-беті
---	--	---

1 Қолдану саласы

Осы көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-да басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, көшіріп алынған материалдың бар-жоғын және мәтінді мағынасын өзгертпей (парафразалар) сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік ауыстыру арқылы пайдалану мәніне тексеруге бірыңғай талаптарды белгілейді.

Ережелер жазбаша жұмыстарды орындаудың дербестігін қамтамасыз ету, білім алушылар мен профессорлық-оқытушылар құрамының тәртіп деңгейін, сондай-ақ жазбаша жұмыстарды орындау кезінде академиялық адалдықты арттыру мақсатында қабылданады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережелерде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер бар:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы қызметінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 үлгілік қағидалары.

2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Ғылыми кеңестің 2025 жылғы 27 тамыздағы шешімімен бекітілген академиялық саясат (№1 хаттама).

Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ар-намыс кодексі

ӘН V-07-2025 «Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын жалпы талаптар» әдістемелік нұсқаулығы.

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар».

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9000:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар».

MEMСТ 2.301-68 «Жобалау құжаттамасының бірыңғай жүйесі. Түзетулері бар форматтар».

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережелерде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Плагиятқа қарсы – бұл мәтіндерден көшіріп алудың бар-жоғын іздеуге,

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері	ЕР III-08-2026 Нұсқа 01 Күні 30.06.2026 10 беттің 4-беті
---	--	---

олардың түпнұсқалығы мен жазудың дербестігін, мәтіндік сәйкестіктерді тексеруге және парафразалар мен техникалық айналымдарды анықтауға арналған мамандандырылған қызметтер мен бағдарламалық кешендер.

Көшіріп алу – түпкі деректемені көрсетпестен басқа біреудің мәтінін көшіру.

Түпнұсқалық – еңбектің қаншалықты ерекше және оны көшіріп алудан қаншалықты таза екендігінің көрсеткіші. Тексерудің басқа көздерімен сәйкес келмейтін жұмыстағы бірегей мазмұнның үлесі.

Парафраза – көшіріп алынған мәтіннің мазмұнын өзгертпестен сөздер мен сөз тіркестерін ауыстыра отырып, басқа біреудің мәтінін ұсыну.

Плагиат – өз жұмысы ретінде берілетін авторлықты қасақана немесе бейсаналық иемдену, шынайы автор мен дереккөзді көрсетпей (дәйексөз келтірілген жұмысқа дұрыс сілтемелерсіз) басқа адамдардың мәтіндерін, идеяларын, суреттерін немесе туындыларын пайдалану.

- АК – аттестаттау комиссиясы;
- АМД – академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- АТД – акпараттық технологиялар департаменті;
- ҒЖИД – ғылым және инновация департаменті;
- ҒӘК – ғылыми-әдістемелік кеңес;
- ҒТК – ғылыми-техникалық кеңес;
- НҚА – нормативтік-құқықтық актілер;
- ББ – білім беру бағдарламасы;
- ПОҚ – профессорлық-оқытушылар құрамы;
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
- Университет – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ;
- БҚО – білім алушыларға қызмет көрсету орталығы;
- СМЖАО – сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы.

4 Жалпы қағидалар

4.1 Ережелер білім беру процесі шеңберінде орындалатын жазбаша жұмыстардың барлық түрлеріне қолданылады.

Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау жүйесінде білім алушылардың төмендегі бағаланатын жазбаша жұмыстары тексеріледі:

- курстық жұмыстар (жобалар);
- бақылау және тексеру жұмыстары;
- эссе, рефераттар;
- жазбаша сынақтар;
- ғылыми-зерттеу /эксперименттік-зерттеу жұмыстары;
- оқу бітіру жұмыстары.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері	ЕР III-08-2026 Нұсқа 01 Күні 30.06.2026 10 беттің 5-беті
---	--	---

Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау жүйесінде келесі ғылыми мақалалар тексерістен өтеді:

- монографиялар;
- ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми мақалалары;
- ғылыми-әдістемелік басылымдар.

4.2 Докторлық диссертациялар Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында тексеруден өтеді.

4.3 Оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің жарияланымға ұсынылған ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстары, сондай-ақ білім алушылардың дипломдық жұмыстары (жобалары), магистрлік диссертациялары (жобалары) университеттің көшіріп алудың бар-жоғын анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде жасанды интеллект технологияларын оларға сілтемелерсіз пайдалану тұрғысынан тексеру рәсімінен өтеді.

Жұмыста қолданылатын жасанды интеллект технологиялары барлық бастапқы дереккөздерді көрсете отырып жазылады.

4.4 Көшіріп алудың бар-жоғын тексеруге қатысушылар:

- білім алушылар;
- кафедралардың жауапты тұлғалары/эдвайзерлер;
- ғылыми кеңесшілер/басшылар;
- кафедра меңгерушілері;
- АТД, АМД және ҒЖИД қызметкерлері.

4.5 Бір жұмыстың көшіріп алудың бар-жоғына тексерілуі академиялық кезең ішінде жүзеге асырылатын білім алушылардың жазбаша жұмыстарының алдын ала нұсқасын тексеруді есепке алмағанда екі реттен артық жүргізілмейді.

4.6 Ғылыми басылымдарда жариялауға ұсынылатын ғылыми жұмыстар автордың өтінімі негізінде тексеріледі.

4.7 Көшіріп алудың бар-жоғын тексеру үшін жұмыстарды ұсыну мерзімдері мынадай:

- курстық жұмыстар (жобалар) – емтихан сессиясы басталғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей;
- оқу бітіру жұмыстары – АК жұмысы басталғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей;
- ғылыми жұмыстар – жарияланымдарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін 3 күннен кешіктірмей;
- оқу-әдістемелік басылымдар – басылым жоспарына сәйкес бекітілген мерзімге дейін 3 күннен кешіктірмей.

4.8 Университеттің бағдарламалық жасақтамасын пайдалана отырып тексеру үшін оқу бітіру жұмыстары білім алушының жеке кабинеті арқылы немесе кафедра меңгерушісінің немесе кафедраның жауапты

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері	ЕР III-08-2026 Нұсқа 01 Күні 30.06.2026 10 беттің 6-беті
---	--	---

тұлғасының/эдвайзердің/ғылыми кеңесшінің (басшының) электрондық поштасына электрондық түрде ұсынылады.

4.9 Оқу-әдістемелік басылымдар АМД-ға электронды түрде беріледі.

4.10 Ғылыми жұмыстар электронды түрде ҒЖИД-ға не Университеттің ішкі өкімдік құжаттарында айқындалған өзге де жауапты құрылымдық бөлімшеге беріледі.

4.11 Плагиатқа жұмыстарды тексеру мерзімі – 3 күннен аспайды.

4.12 Жұмыстардың түпнұсқалығы көрсеткіштерінің, оның ішінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану тұрғысынан рұқсат етілген мәндері, қажетіне қарай университеттің ҒӘК және ҒТК-да бекітілген.

4.13 Екі тексерістен кейін түпнұсқалық көрсеткіштерінің рұқсат етілген мәндеріне сәйкес келмейтін жұмыстар университетте белгіленген күн бойынша автордың өз қаражаты есебінен қайта тексерілуі мүмкін.

Егер ғылыми жұмыс екі тексерістен кейін белгіленген нормаларға сәйкес келмесе, оны одан әрі қараудан бас тартады.

4.14 Жазбаша жұмыстың авторы екі тексерістен кейін нәтижелермен келіспеген жағдайда басшылық ететін Басқарма мүшесі – Проректордың атына өтініш бере алады. Басшылық ететін Басқарма мүшесі – Проректор сараптама жүргізу бойынша жауапты адамды тағайындайды. Сараптама қорытындысы кейінгі тексеріске жіберу немесе жібермеу туралы шешім болып табылады.

4.15 НҚА мониторингі актілерін, нормалар мен ережелерді, стандарттарды және т. б. талдауды қамтитын білім алушылардың жұмыстары үшін шығарушы кафедраның шешімі бойынша осындай актілерді көшіріп алудың анықталған пайызына өзіндік ерекшелігін көрсету көзделеді.

4.16 Тексеруге ұсынылатын жұмыстарда мекемелердің, ұйымдардың, мемлекеттік билік органдарының атаулары, мәтіндер, заңдар, НҚА-ға сілтемелер, қайталаулар, заңды терминдер, қайталанатын өрнектер, мәтінге дәйексөз келтіру, оларды мониторингілеу не талдау үшін құжаттардан үзінділер және т. б. сияқты заңды көшіріп алу пайдаланылады.

4.17 АТД көшіріп алудың бар-жоғын анықтау жүйелерінде тексеру рәсімінен өткен жазбаша жұмыстардың барлық электрондық нұсқаларын сақтау үшін университет базасын құрады.

4.18 Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау жүйесінде тексерілген докторлық диссертацияларды (жобаларды) сақтауды Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы жүзеге асырады.

5 Жазбаша жұмыстарды тексеру рәсімін жүргізу тәртібі мен сипаттамасы

5.1 Білім алушылардың жазбаша жұмыстары:

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері	ЕР III-08-2026 Нұсқа 01 Күні 30.06.2026 10 беттің 7-беті
---	--	---

5.1.1 Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тексеруді білім беру бағдарламасының пәндеріне сәйкес университет кафедрасы қамтамасыз етеді.

5.1.2 Білім алушылардың оқу бітіру жұмыстарын (жобаларын) тексеруді шығарушы кафедралардың меңгерушілері қамтамасыз етеді.

5.1.3 Электронды жазбаша жұмысты көшіріп алудың бар-жоғына тексеру рәсімі жазбаша жұмыстың электрондық нұсқасын Университеттің электрондық жүйесіне жүктеу арқылы; кафедраның жауапты тұлғасының/эдвайзердің корпоративтік электрондық поштасы арқылы жүзеге асырылады.

5.1.4 Кафедраның жауапты тұлғасы/эдвайзер файл пішінінің дұрыстығын және оның оқылуын тексереді.

5.1.5 Жұмысты тексеруге дайындау кезінде электрондық нұсқадан титул парағы (қажет болған жағдайда); мазмұны; пайдаланылған дереккөздердің тізімі; қосымшалар (егер олар тексеруге жатпаса) жойылады.

5.1.6 Жазбаша жұмысты бағалау шартты белгілер бойынша жүзеге асырылады: рәсімдеу және баяндау сапасы, мазмұнында мәлімделген барлық беттердің болуы, тексерілетін құжат үшін белгіленген беттердің ең аз санының қажеттілігі.

5.1.7 Тексеру нәтижелері: жазбаша түрде (ескертулер, түсініктемелер); университеттің электрондық жүйесінде тексеру жөніндегі анықтамада тіркеледі.

5.1.8 Тексерілген жұмыс қажет болған жағдайда білім алушыға 3 (үш) күн ішінде пысықтауға қайтарылады. Бұл ретте білім алушылардың оқу бітіру жұмыстарын тексеру саны бес реттен аспайды. Бесінші тексеруден кейінгі теріс қорытынды академиялық құқық бұзушылық болып табылады.

5.2 Ғылыми жұмыстар:

5.2.1 Электрондық ғылыми жұмысты (ғылыми мақаланы) көшіріп алудың бар-жоғына тексеру кезектілігі жұмыстың электрондық нұсқасын университеттің электрондық жүйесі немесе корпоративтік электрондық поштамен жіберу арқылы жүзеге асырылады.

5.2.2 Жауапты тұлға ұсынылған файл форматының дұрыстығын, оның оқылуын және техникалық талаптарға сәйкестігін тексереді.

5.2.3 Жұмысты тексеруге дайындау кезінде қажет болған жағдайда титулдық бет, авторлар туралы мәліметтер, мазмұны, пайдаланылған дереккөздердің тізімі, қосымшалар және көшіріп алудың бар-жоғын тексеруге жатпайтын өзге де элементтер электрондық нұсқадан алынып тасталады.

5.2.4 Дайындалған файл университеттің лицензияланған бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып, көшіріп алуды анықтау жүйесіне жүктеледі.

5.2.5 Тексеру нәтижелері көшіріп алудың бар-жоғын анықтау жүйесінде тіркеледі, түпнұсқалық көрсеткіштері мен анықталған сәйкестіктер көрсетілген тексеру туралы есеп жасалады.

5.2.6 Тексеру туралы есеп ғылыми жұмыстың авторына корпоративтік электрондық поштаға және (бар болса) университеттің электрондық жүйесі

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Көшіріп алудың бар-жоғын анықтау мақсатында тексеру жүргізу ережелері	ЕР ІІІ-08-2026 Нұсқа 01 Күні 30.06.2026 10 беттің 8-беті
---	--	---

арқылы жіберіледі.

6 Жауапкершілік және өкілеттіктер

6.1 Жазбаша жұмыстардың мазмұнына автор жауапты болады.

6.2 Білім алушының тексеруге ұсынған оқу бітіру жұмысының электрондық нұсқасының және қағаз нұсқасының сәйкестігі үшін шығарушы кафедраның меңгерушісі және жұмыстың (жобаның) жетекшісі/кеңесшісі жауапты болады.

6.3 Білім алушылардың кафедраға жазбаша жұмысты уақтылы ұсынуына жұмыстың (жобаның) жетекшісі/ кеңесшісі жауапты болады.

6.4 Техникалық қолдауды АТД қамтамасыз етеді.

7 Келісу және қолданысқа енгізу

7.1 Ережелер Басқарма мүшелері – Проректорлармен, заң қызметінің басшысымен келісіледі және «Келісу парағында» (А қосымшасы) рәсімделеді.

7.2 Түпнұсқаны СМЖАО-да сақтауға беру үшін АМД жауап береді.

8 Сақтау

8.1 Осы Ереженің түпнұсқасын сақтау және электрондық нұсқасын орналастыру жауапкершілігі СМЖАО жүктеледі.

9 Құжаттарға өзгерістер енгізу

9.1 Осы Ережеге өзгерістер ҚР НҚА, сондай-ақ Университеттің стратегиялық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде енгізіледі;

9.2 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар СМЖАО талаптарына сәйкес енгізілуі тиіс.

